

АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№36 (7873)
Жұма
9 қыркүйек
2022 жыл

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қадірлі жерлестер! Құрметті тіл жанашырлары!

Сіздерді Қазақстан халқының тілдері күні мерекесімен құттықтаймыз!

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл – ұлттық құжатымыз, тіл – кісілік келбетіміз. Саяси тұрақтылықтың да негізгі кілті тілде жатыр. Себебі, тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, ең құнды байлығы – қатынас құралы екендігі сөзсіз. Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып отырған баға жетпес асыл мұрамыз.

Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Қазақ тілі – қазақтың жаны! Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту бағытындағы нәтижелі жұмыстардың арқасында халықтың тарихи жады қайта тіріліп, өшкені жанғандай, көше, жер-су, елді мекен атаулары араға қайта оралды. Бүгінде қоғамымызда «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген берік сенім, ертеңгі күнге деген жарқын үміт түбегейлі орнықты.

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болағын нәрсенің қуаттысы – тіл», – деп ұлағатты сөз қалдырған ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні Тіл мерекесімен қоса тойланатыны қалың қазақ үшін өте қуанышты жағдай.

Мемлекеттік тіліміз – еліміздің рухани негізі мен ел еркіндігі. Елімізді барша әлемге танытатын басты күштердің бірі әрі берегейі. Сондықтан, ұлттық руханиятымыздың ұлықталып, арнайы бір күннің тіл мерекесі болып белгіленуі орынды.

Ардақты ағайын!

Қасиеті терең, құнары мол қазақ тілін өз мәнінде қолданып, жат тілге тәуелді болмай, болашақ жас ұрпаққа жеткізу – азаматтық парызымыз. Ендігі мәселе – сол ана тіліміздің ұлы көшке ілесіп, қатардан қалмай, алға озуында.

Олай болса, ғасырлар көшінің елге қалдырған ең ұлы аманаты – тіліміздің мерейін асқақтату жолында аянбай еңбек етуге шақырамыз.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, тіліміздің мәртебесі биік, абыройы асқақ болсын!

Аудан әкімі
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы
Р.Әбеуов



Жолдау мұраты – ел мүддесі

отбасылық зорлық-зомбылық жасаған адамдарға жаза күшейтіледі.

Өз Жолдауында Мемлекет басшысы елімізде жүргізіліп жатқан Конституциялық реформаның негізгі бағыты – саяси және әлеуметтік жүйені жаңғырту арқылы әділетті Қазақстанды құру екендігін атап өтіп, халқымыздың әл-ауқатын

Әділдік бар жерде – береке бар

Жуырда Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев кезекті рет Қазақстан халқына арнаған Жолдауын жариялады. Еліміздің дамуы үшін маңыздылығы жоғары Жолдаудың негізгі бағыттары – ел экономикасын жандандыру және әлеуметтік проблемаларды шешу болды.

Атап өтсек, Жолдауда айтылғандай, әйелдердің зейнетке шығу жасы 61-ге дейін төмендейді. Сондай-ақ, еліміздегі ең төменгі жалақы мөлшері 70 мың теңгеге дейін өссе, ұлттық қор табысының 50 пайызы 18 жасқа толмаған балалардың есепшотына аударылатын болды. Тағы бір айта кететіні, кәсіп бастағысы келетін жастар үшін 2-2,5 пайыздық үстемемен несие берілетіндігі. Аталған өзгерістер жүйелі түрде іске асырылып, әлеуметтік ахуалдың дұрысталуына оң серпін бермек.

Одан бөлек, қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жарияланатын болды. Сонымен бірге қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отырған

арттыру, тұрмысы төмен және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жағдайын жақсарту бойынша бірқатар тапсырма жүктелді. Мемлекеттің тұтастығы мен ұлт құндылықтарын сақтау үшін ел бірлігінің маңызды екендігіне тоқталып, өз ұстанымындағы тарихи жауапкершіліктің салмағын да айқын аңғартты.

Сонымен қатар, Қ.Тоқаев биыл кезектен тыс президент сайлауын өткізуді, Президент өкілеттілігінің мерзімін 7 жыл етіп белгілеп, бірақ қайта сайлануға тыйым салуды ұсынды. Сонымен қатар, 2023 жылы Мәжіліс пен мәслихат сайлауы өтетін болды.

Ел Президентінің: «Халықтың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін көргім келеді» – деген сөзі азаматтық ұстанымы мен көшбасшылық қасиетін айқындай түскендей.

Г.Түсіпбаева,
Ә.Ермеков атындағы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

11 қыркүйек – Отбасы күні

Ардақты ағайын!

Баршаңызды жылы күздің молшылығымен бірге келген жарқын мереке – Отбасы күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Отбасы – қоғамның іргетасы, ажырамас бөлігі. Себебі, отбасы – адамзат баласының дүниеге шыр етіп келгенде есігін айқара ашып енетін ортасы, өсіп, тәрбие алатын аса қажетті әрі қасиетті алтын бесігі. Қай заманда, қай елде болмасын отбасының адамзат ұрпағына ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа ешнәрсемен салыстыруға болмайды.

Халқымыздың бойына біткен қонақжайлылық, үлкенге деген құрмет, туған жерге деген махаббат, толеранттылық секілді барлық ізгі қасиеттер ұрпақтан-ұрпаққа отбасылық дәстүр арқылы беріледі. Қоғамда өз орнымызды тауып, ақ пен қараны ажырата білуде жанұядан алған жылылықтың маңызы өте зор. Өйткені, адам баласын мейірімділікке, жақсылыққа үйрететін осы ыстық ұямыз. Түптеп келгенде, ана тілімізге, халқымыздың ұлттық дәстүріне сыйластықпен, сүйіспеншілікпен қарау, Отанды сүю, оған қамқорлық көрсету отбасында қалыптасады. Сондықтан да, «Отан отбасынан басталады» деген даналықты халқымыз бекер айтпаған.

Қазақлықтың қаймағы бұзылмаған киелі Ақтоғай ауданының топырағы бірлігі бекем, татулық пен достықты ту еткен отбасыларымен ерекше мақтанады. Отбасылық құндылықтарды көзінің қарашығындай сақтай білетін жарасымды жанұялар әрдайым біздің мерейіміз.

«Отбасының жемісі – тәрбиелі ұл мен қызы» демекші, мақтан етер ұрпағымыз көп болғай. Қазақтың әр отбасының керегесі кең, шаңырағы биік, босағасы берік болсын! Осындай қуанышты күні баршаңызға зор денсаулық, қажымас қайрат, шынайы бақыт тілейміз. Әр үйде бақ қонып, қыдыр дарып, қуаныш пен шаттық шалқысын!

Аудан әкімі
С.Әбеуова

Мәслихат хатшысы
Р.Әбеуов

Еліміздің басты құндылығы – адам

1 қыркүйек күні Парламент палаталарының бірлескен отырысында Президент Қ.Тоқаев халыққа арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауын жолдады.

Мемлекет басшысы сөз басында халықтың жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыруды қолдағанын, конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болғанын айтты. Енді еліміздегі саяси жаңғыру экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс.

«Ең алдымен жер қойнауын игеру ісіне инвестиция тарту үшін заңнаманы және рәсімдерді барынша жеңілдету керек. Геологиялық ақпарат туралы бірыңғай мәліметтер банкі құру жұмысын аяқтау қажет. Үкіметке индустрия және жер қойнауын игеру салаларының инвестициялық тартымдылығын арттыруды тапсырамын», – деп нақты міндет жүктеген Мемлекет басшысы енді арнайы экономикалық аймақтарды дамыту үшін мүлде басқа саясатқа көшкені жөн екеніне тоқталды. Қазір шетел компаниялары Қазақстанға көше бастады. Сондықтан да, бұл мәселе тіпті өзекті болып отыр.

Келесі мәселе – еліміздің транзиттік қуатын арттыру. Еліміз қазіргі геосаяси жағдайда Азия-Еуропа арасындағы аса маңызды құрлық дәлізі болып отыр. Біз бұл мүмкіндікті толық пайдаланып, әлемдік маңызы бар көлік-тасымал торабына айналуымыз керек. Еліміз осы салада ірі жобаларды жүзеге асыра бастаған. Атап айтқанда, Ақтау контейнер хабы құрылып жатыр, Транскаспий дәлізі дамып келеді. Мемлекет басшысы «Қазақстан теміржолы» компаниясы толыққанды транзиттік-логистикалық корпорация болып қайта құрылатынын мәлімдеді.

Ауқымды саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыру аса маңызды екенін айтқан Президент осы қадамның бәрі біздің «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» атты басты формуламыздың біртіндеп нақты мән-мазмұнмен байыта түсетінін, еліміздің болашағын айқындайтынына бек сенімді екенін білдірді.

Ш.Елеген,
Ақтоғай ауданының Жастар ресурстық орталығының директоры.

Ардагерім – ардағым

Ардагерлердің алаңдалы жаны

Алгеріде, қазақы салт-дәстүрдің сыны да, сыры да кетпей тұрған мамырыстан шақта ел ішіндегі араздық пен даудамайды сыртқа шығармай-ақ, ауылдың көшелі сөз айтатын, кеудесі көмбе ақсақалдары алқалы жиын жасап, өзара шешіп отырған. Шаршы топта тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айттып, ауыл ішін ала-тайдай бүлдірген тентегін тыйып, асауын ауыздықтаған.

Сол ғұрып бүгінде ел ішінде бүгіндей сақталмаса да, сарқыншағы бар. Оған көзіміз көріп, құлағымыз естіп жүрген «Ардагерлер кеңесі» дәлел. Қоғамда түрлі оқиғалар орын алып жатқан шақта, көпті көрген, көңіліне түйген көнекөз қариялары ретінде жастар қауымына өз үндеулерін жасап отырады. «Ардагер аға алдында тұрсын, әдепті іні артында тұрсын» деген сөз содан қалған болуы керек.

Бұрынырақта түрлі салада қызмет жасап, алдыңғы қатардан көрінген ардагерлерімізден жасақталған аудандық ардагерлер кеңесі үнемі кейінгі толқынға үлгі болып, ілкімді істердің басы-қасынан көрініп жүреді.

Аталмыш ұйым жуырда ғана мысты шаһарға ат арытып барып қайтты. Ондағы мақсат – Балқаш қалалық ардагерлер ұйымымен жүздесіп, тәжірибе алмасу. Ауданымыздан барған бір қауым ардагерлерді Балқаш қалалық мәслихатының хатшысы А.Мүслімов арнайы күтіп алып, өзі жол бастап, қала іргесіндегі «Сары-Қазына» ЖШС-не ат басын тіреп, сол өндіріс ошағының жұмысымен таныстырып шықты. Сол арада екі тараптың ардагерлері бас қосып, тоқайласты. Шараның әлқис-сасы да осыдан басталды. Келесі кезекте Металлургтер сарайының «Достық» залында ақсақалдар тоқайласқан алқалы жиын өтті. Жиынға Балқаш қаласының әкімі О.Тәуірбеков, қалалық мәслихат хатшысы А.Мүслімов қатысты. Жиын барысында бүгінгі қоғамдағы ахуал және рухани-танымдық әңгімелер сөз болып, екі жақ өз ойларын ортаға салды. Жиын соңынан ардагерлер қалалық мұражайға бас сұғып, танысып қайтты.

Айта кетерлігі, аталмыш мұражайда ауданымыздың тарихи жәдігерлерін түгендеп, аудандық мұражайдың негізін қалауға сүбелі үлесін қосқан А.Мүсатаевтың тақым артқан «ИЖ-49» мотокөлігі төрден ойып тұрып, орын алған екен. Іс-шаралар легі аяқталғаннан кейін ақсақалды абыздар көкше көлдің жағасына барып, емен-жарқын шүйіркелесіп қайтты.

Е.ТЕМІРХАН.

Жыл басында «Аманат» партиясының кезектен тыс XXII съезі өтті. Онлайн форматта өткен аталмыш алқалы жиынға Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қатысып, партия жұмысын жандандыру бойынша көшелі ойларын ортаға салды. «Қазір партиялар арасында бәсеке күшейе түсуде. Осы орайда біз партиямыздың басты саси күш ретіндегі рөлін саралауымыз қажет. Бұл – өте маңызды міндет. Басқаша айтқанда, ұйым әрдайым ел мүддесін қорғайтын халықтық партия болып қалуы керек», – деп ел Президенті бұқараның үмітін арқалаған ұйымның мәртебесін нақтылады. Сонымен қатар, жиын барысында Қ.Кемелұлы партия мен халықтың арасында тығыз байланыс орнату мақсатында азаматтарды көшпелі қабылдауларды жасауды жүйелендіру жөнінде тапсырма берген болатын.

А.Төлешов: «Ауылда тұрғаннан кейін мұндағы негізгі иек а р т а т ы н күнкөріс көзі




– төрт түлік. Алажаздай, алты ай қыс баққан еңбегімізге қарай малдан түсетін өнімді өндіретін өнеркәсіп ошақтары болса, ауылдағы ағайынға қосымша табыс болар еді. Қазір жүн, тері дегеніңіз қоқысқа шығарылып жатыр. Сонымен қатар, күні-түн еңбектеніп баққан малымызды жақсы бағаға өткізу қиынның қиыны болып тұр. Осы аудан төңірегінде мал еттерін көңілге қонымды бағаға

«Естір құлаққа есті сөз» айтылды

Президент пәрменінен кейін еліміздің түпкір-түпкіріндегі партия филиалдарының қызметкерлері жұртшылықпен жүздесу жұмыстарын қолға алып, жанайқай тиісті сала мамандарының құлағына жетпей жатқан шалғайдағы тұрғындармен кездесіп, бұқараның басынасына құлақ түріп, күрмеуі қиын мәселелерді билік басындағыларға

қабылдайтын ет комбинаттары ашылса, жақсы болар еді. Әйтпесе, еліміздің оңтүстігінен келетін саудагерлер малымызды арзан бағаға алып кетіп жатыр. Бұдан бөлек, біздің ауыл тұрғындарын толғандырып жүрген мәселе қазір Жетімшоқыны Ақтоғай ауылының жылқылары басып кетті. Соның салдарынан шабындықтағы шөптің



шығымы аз. Біз бұл жайында бұған дейін де айтқанбыз. Тағы бір түйткіл, Жетімшоқы ауылына ауыз су тартылып, балаларға арналған ойын алаңы салынса екен. Және ауыл іргесіндегі тас жолға жол белгісі салынбаса, жолдың арғы бетінен өтетін малдарды қағып кету қаупі бар», – деп, көптен көңілде жүрген толғақты мәселелерді жолдады. Көтерілген ауыз су ісі жөнінде Р.Әбеуов: «Мемлекеттік бағдарламаның шеңберінде ауданымыздың барлық ауылдарына кезең-кезеңімен ауыз су тартылып жатыр», – деді. Сонымен қатар, аудан әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары С.Амралин: «Кеңес уақытында барлық сала орталықтандырылғандықтан, жүн өңдеу, тері өңдеу ісі жүйелі түрде жұмыс жасап тұрды. Қазір капиталистік қоғамда өмір сүріп

жолдап жатыр. Осылайша көптің аманатын арқалаған «Аманат» партиясы халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналуға. Жоғарыдағы сөзімізге күні кеше, яғни қыркүйек айының 6-шы жұлдызында ауданымызға қарасты Сарытерек ауылында өткен «Аманат» партиясының мобильдік қоғамдық қабылдауы жарқын дәлел. Қоғамдық қабылдауға аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуов, аудан әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары С.Амралин, «Аманат» партиясының Ақтоғай ауданы филиалының атқарушы хатшысы Т.Таукеев және Сарытерек ауылдық округінің тұрғындары қатысты.



Жиынды алғысөзімен ашқан Т.Зарузадаулы еліміздің қазіргі ахуалына тоқтала келе, жаңа бағытқа бет бұрған партияның ұстанымымен, мақсаттарымен таныстырып өтті. Сондай-ақ, ұйымның алда тұрған жоспарларымен де бөлісті. Келесі кезекте сөз алған аудандық мәслихат хатшысы Р.Әбеуов жақында ғана жарияланған Мемлекет басшысының Жолдауын сөзге мәйек қылып, әр бөлігін жеке-жеке талқылап, тұрғындарға түсіндіріп өтті. Әсіресе, көптің көңіліне үміт пен қуаныш ұялатқан Қазақстанның 18 жасқа дейінгі балаларына Ұлттық қордың есебінен бөлінетін қаржы жөнінде жіпке тізгендей жіліктен, айтып берді. «Президенттің бастамасымен Балалар жылы аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағдарлама іске қосылады. 2024 жылдан бастап Ұлттық қордың инвестиция табысының 50 пайызы балалар 18 жасқа толғанға дейін олардың арнаулы жинақтаушы шотына аударылады», – деді Р.Бегілікұлы.

Қабылдау барысында Сарытерек ауылдық округіне қарасты Жетімшоқы елді мекенінің тұрғыны, зейнеткер жатқандықтан, барлығы жеке меншікке өтіп кеткен. Сол секілді осы аталған мал өнімдерін өңдеу жұмысы да жеке меншіктердің ырықында. Егер де осы отырғандардың арасында жоғарыдағы кәсіппен айналысамын деген жандар болса, Үкімет тарапынан жеңілдетілген, үлкен сомадағы қаржы беріледі», – деп, ауыл шаруашылығы саласының төңірегінде көтерілген сұрақтарға жауап берді.

Сол секілді ауыл тұрғындары Қ.Досмақов, А.Сағынбаев, А.Несиев және Б.Айтбаев пен Ж.Шакаримов Сарытерек ауылындағы толғақты түйін – жер, жол мәселесі, жиі-жиі сөне беретін электр энергиясы, мал азығын дайындау жұмыстарын субсидиялау секілді түйінді түйткілдерді көтеріп, көкейдегі сауалдарын жолдады.

Аудандық партия филиалының атқарушы хатшысы Т.Таукеев қойылған сұрақтар, көтерілген мәселелер «Аманат» партиясының назарында болып, мобильдік қоғамдық қабылдау жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табатынын мәлімдеді.

Е.АЙТЖАН,
Сарытерек ауылы.



Ұлттымыздың Ұлы стазы

Ұлттың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы әжайлы қанша айтып жазсақ та артық болмайды деген оймен өмірінің ең өзекті кезеңдерінен 20 дерек ұсынамыз

1. Ахмет Байтұрсынұлының нақты туған күні көп уақыт бойы белгісіз болған. 2017 жылы қараша айында қазақ ағартушысы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының туған күні Қазақстан Республикасының елдерінің тілдері күні болып жарияланды. Оған түсіндірме берген қазақ әліппесін латиницаға әзірлеуші Ербол Тілешев: «Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы 29 қыркүйекте дүниеге келген деген мәлімет болған, алайда кейін мен Тілдерді дамыту басқармасында қызмет істегенімде Ахметтің қолжазбасы бар үш құжат табылған. Олардың ішінде «5 қыркүйекте дүниеге келдім» деген сөзі бар екен. Сондықтан, осындай шешім қабылданды» – дейді.

2. Ахмет 13 жасқа толғаннан кейін олардың ауылына полковник Яковлев жетекшілігімен полиция қызметкерлері келіп аласат салған. Ахметтің әкесі Шошақұлы Байтұрсын мен Ахметтің үш ағасы қорлыққа шыдамай, полковникті ұрып-соққан. Осы әрекеттері үшін олар Сібірге 15 жылға айдалған.

3. Қостанай уезінде қызмет істеп жатқан кезінде Ахмет Аманқарағай орман шаруашылығының бастығының (кей деректерде қатардағы орманшының делінеді) үйінде тұрып, соның қызы Александра Ивановнаны сүйген.

4. Александра Ивановна 1878 жылы Челябинск ауданында дүниеге келген. Әулікөл ауылында орыс-қазақ мектебінде мұғалім болып істеген кезінде Ахмет Байтұрсынұлымен танысады.

5. Жастар некелерін Троицкте жастар мұсылман дәстүрімен қиған. Атақты дін қызметкері Зейнолла-ишан алдында Ахмет Александраны татар қызы ретінде Бадрисафа Мұхаммедсадыққызы Байтұрсынова деп жазып алған. Сөйтіп, Ахмет әйелін 2-3 айға мешітке мұсылман әдет-ғұрыптарын үйрену үшін қалдырған. Бадрисафа шариятты дереу игеріп алып, өмірінің соңына дейін мұсылман ерлі-зайыпты болған.

6. Ахмет Байтұрсынұлы 1905 жылғы «Қарқаралы петициясының» авторларының бірі болған. Сол петиция қазақтардың жерін экспроприациялануын доғаруды, ауғандардың легін аялдатуды және де ұлттық земстволардың құруын декларациялады.

7. 1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ жазбасын қайта құрастырған. Ол қазақ тілінде қолданылмайтын араб әріптерін қолданудан шығарып, қазақ тіліне жаңадан тән, ерекше әріптерді қосқан. «Жаңа емле» атты жаңа әліппені қазірде Қытай, Ауғанстан, Ресей,

Ирандағы қазақтар пайдаланады.

8. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің бірінші редакторы болған. Басылымның үш мыңнан аса жазылмандары болған, оны қазақ даласында, Қытайда және Ресейде оқыған. Сол газеттің беттерінде Байтұрсынұлы өзінің пікірлерімен қазақ тілінің дамуының мәселелерін көтеріп, халықты бірлікке және саяси күреске шақырған.

9. Ахмет Байтұрсынұлы 1917 жылғы революциялар толқынында қазақтың ұлттық мүддесін көздеген Алаш қайраткерлері тобының басында тұрды, зиялылар қауымының рухани көсеміне айналды. Ол Әлихан Бөкейхан және

12. «Мен 9 жасымда жетім қалып, Ахметтің туған ағасында мал баққанмын. 1926 жылы Қали аға қайтыс болған. Бір жылдық асқа Ахмет аға мен Бадрисафа келген. Мен қотыр ауруынан азап шегіп, аш және алба-жұлба жетіммін. Ел менің қасымда тұрудан аулақ болған, мені айналып өтетін. Мені құтқарған – Ахмет аға. Ол мені алып, Бадрисафаға тапсырған. Бадрисафа өз қолымен мені емдеп, өлімнен құтқарған. Ахмет ағаның және оның әйелі Бадрисафаның бекзаттығын мен ешқашан ұмытпаймын» – деп Ахметтің туысқаны Аубек Сатыбалдыұлы дерек айтады.

13. Байтұрсынұлымен туыс қарым-қатынаста болғандықтан, Ахметтің асыранды қызы әке-шешесімен шамамен 4 жыл (1929-1933) жер аударылды, ал кейіннен балалар үйіне түсті.

14. Ахмет Байтұрсынұлының тек қана асыранды балалары болғаны бәрімізге белгілі. Ресми дереккөздерде үш есім ғана сақталып қалған, олар – Аумат, Қазихан

қалмағанын және де денсаулығына зиян келгенін Нұрзипа Амирова баяндаған.

16. Қостанай өлке танушылары Байтұрсынұлының жесірімен ары қарай не болғанын нақты білмейді, алайда олардың басты екі нұсқасы бар. Біріншісі: Бадрисафа Қостанай ауданының Александровка ауылында емделіп, сол жақта қалғаны туралы мәлімдейді, ал екіншісі, ақсақал Есімхан Тұрлыбеков айтқанындай, 1947 жылы шамамен қараша айында Мендіқара ауданының Қасқат ауылында тұрғанын мәлімдейді. Көрсетілген жылы сол ауылда Александра атты орыс әйел пайда болғанын және де оны жетектеген біздің жерлесіміз Ахмет Байтұрсынұлын жете танытын Қасым Тоғызбақов болғанын мәлімдейді.

17. Ел арасында, республика, тіпті түркі тілдес мемлекеттер арасында беделі зор болған Ахмет Байтұрсынұлы секілді ұлы тұлғаға советтік билік кешірім жасады. Үлкен басшылық қызметке тағайындады, ол Қазақ АССР Білім комиссариатының төрағасы қызметін атқарды.

18. 1929 жылы маусым айында КСРО ІХК Ахметтің саяси қызметін алдына келтіріп, Қызылорданың түрмесіне Міржақып Дулатовпен бірге қамады. Кейіннен ол Архангельск облысына жіберілсе, оның әйелі Бадрисафа ханым мен қызы Шолпан Том облысына жіберілген. Уақыт өте келе, шешесі мен қызының жолын бөліп жіберген: Шолпанды Том қаласында қалдырса, шешесі Батыс Сібірдегі Жуково ауылына ағаш құлатуға жіберілген.

19. 1934 жылы Халықаралық Қызыл крест өтініш хаты нәтижесінде Ахмет Байтұрсынұлы Алматыға оралуға, жанұясымен қосылуға мүмкіндік алады. Нашар денсаулық, саяси сенімсіз болғандықтан, жұмысқа орналасуға мүмкіндігі азайды, мұндай ауыр мұқтаждық Ахметтің соңғы жылдарын қапаландырды. Орталық мұражайдың бақылаушысы, билет тексерушісі, туберкулез диспансерінің санитары болып жұмыс істеп, елге танымды, ел құрмет тұтатын, бірақ билікті қорқытатын адам болғандықтан, ол қайта-қайта жұмыс орындарынан қуылатын.

20. Кезекті азғырудан кейін 1937 жылы 8 қазанда жаңадан тұтқынға алынды да, бірнеше айға созылған тергеуден соң, 1938 жылы ақпан айында атылды. Қамауда тергеушілердің сұрақтарына былай жауап берген: «Менің арманым – мүмкіншілігінше қазақ халқының дәулеттілігін, мәдениетін жоғары деңгейге көтеру. Ол ізгі іс енді ғана басын алып тұрғандықтан, мен басымды тек қана менің тілегімді қанағаттандыратын билікке иемін».

(Ақпарат ғаламтордан алынды).



А.Байтұрсынұлының мұражай үйі.

Міржақып Дулатұлы секілді айнымас серіктерімен бірге қазақ халқының еркіндігі жолында тайсалмайтын ұлы күреске түсті.

10. Ахмет өзін ақын және мысал жазушы ретінде байқап көретін. Мысалы, ол Эзоп, Лафонтен, Қрыловтың мысалдарының классикалық сюжеттерін негізге алып, оған ұлттық ерекшеліктерін қосып, Ресейдің отарлаушылық саясатын, биліктің озбырлығын әйгілейтін біртума шығармаларды жарыққа шығарған.

11. Торғайдың тұрғыны Жүсіпбек Салықов Ахмет Байтұрсынұлы туралы осындай әңгіме айтып берген: «1923 жылы Ахметпен Бадрисафа Орынбордан Торғайға жол жүріп бара жатқан кезде, олар Құмкөл деген жерде жергілікті дін адамдардың басшысы хазірет Нәуен Нұрғазиннің үйінде тоқтаған. Қазір сол жерді Жанкелді ауданының Шиелі ауылы деп білесіздер. Жас айырмашылығына қарамастан (хазірет Ахметтен бірнеше жас үлкен болатын), екеуі жақын дос болып, бір-біріне қалжың айтатын.

және Шолпан. Үшеуі де ағартушының үйінде тәрбиеленген іні-қарындастары. Бірақ, оның тағы да бір түп-тегі Ахмет Байтұрсынұлының уақытында және де оның өлімінен кейін көптеген жылдар бойы жасырынған асыранды баласы болған – Самырат Кәкішев. Мұндай құпиялылығын оңай түсіндіруге болады: Самырат Байтұрсын әулетінің шаңырақ иесі болғандықтан, оның өмірін сақтау бүкіл әулеттің басты мақсаты болған. Бір жолы, Байтұрсынұлын тұтқындағаннан кейін Самырат тұрған ауылға әскер келген. Олар ұрпақ жалғастырушы ұл балаларды іздеген екен. Сол кезде бір әйел Самыратты үлкен қазанмен жауып, баланың өмірін аман сақтап қалды.

15. Ахмет Байтұрсынұлының замандасы Нұрзипа Амированың сөзіне сенсек, 1937 жылы Бадрисафа Қостанайда болған. Содан соң Бадрисафаны Қостанайда екінші рет Ұлы Отан соғысы уақытында көрген адамдар бар. Сол уақытта Бадрисафа өз жасынан артық өмір сүріп қойғандығы, өзінің сұлулығынан ешнәрсе



Ардақты ұстаз, абзал жан

Адам баласы өз өмір соқпағын өзі сомдайды. Өмірінің мәнді де сәнді, мағыналы да мазмұнды болуы сол өмір иесінің қарымы мен қасиетіне байланысты. Атақты педагог-ғалым В.СУХОМЛИНСКИЙ: «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі де қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан-дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүрекпен ұға білу» – деген. Шынында да, бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, ар-ұят, ұлттық

сананы сіңіруші жан – ұстаз. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, өзгенің бақытын аялап, өз уақытын аямай жүретін мұғалімдердің қоғамдағы орны да бөлек. Ұстаз есімі қашан да ұлағатты. Саналы ғұмырын білім саласына арнап, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін абыроймен адал атқаруы арқылы әріптестерінің ризашылығына бөленген майталман маман, ұлағатты ұстаз, тәжірибелі тәлімгер жандардың бірі де бірегейі – Аманкелді ТУҒАНБАЙ.

Ол – 1942 жылы 21 маусымда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Калинин селолық кеңесіне қарасты «Жамбыл» колхозында туған. Сұрапыл соғыс уақытында дүниеге келген бала отбасының көз қуанышына айналып, болашақ өмірдің жарқын сәулесіндей көрінетін. Сол заманның әрбір ұрпағы секілді бала Аманкелді ілім-білімге аса құштар болды.

Жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадына жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі екендігін байқатып, болашағынан зор үміт күттіретін. Бала кезінен көнекөз, кәрі құлақ қариялардың ауызекі өңгімелерін тыңдауды, өзі туып-өскен өлке Тоқырауын-Балқаш өңірінің тарихына қатысты хикаяларды қызыға тыңдап, ден қойып, нақты деректерді жадына тоқып алуға тырысып жүретін. 1949 жылы аталған колхоздағы орта мектептің 1-сыныбына барып, шетсіз де шексіз білім әлеміне таусылмас сапары басталған еді. Оқу мен еңбекті қатар ала жүріп, ойы да, бойы да шындала түсті. Болашақ өміріне қажетті білім қоры мен еңбек дағдыларын бойына жинай жүріп, 1960 жылы Ақтоғай селосы орталығындағы қазіргі Ө.Бөкейхан атындағы орта мектепті жақсы бітіріп шығады.

Ол кезеңде жас түлектер бірден жоғары оқу орнына қабылдана бермейтін. Алғашқы еңбек жолын 1960 жылы Ақтоғай аудандық жол бөлімінде тракторшы ретінде бастайды. 1962 жылы Ақтоғай селолық кеңесі жанындағы әскери есеп үстелінің бастығы болып тағайындалады. Жастық жалынмен әрбір іске бел шеше араласатын жас маман барлығының көңілінен шығып, еңбегімен жаға білетін. 1964 жылдың наурыз айынан қазан айына дейін Ақтоғай аудандық кеңесі атқару комитетінде нұсқаушы болады. Қазан айынан өңірдің саяси-қоғамдық өміріне белсене атсалысатын жас жігіт Ақтоғай аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы қызметіне ауыстырылады. Жастардың басын қосып, ортақ іске жұмылдыру бағытындағы барлық жұмысқа араласып, белсенді әрі озат қызметкер екендігін дәлелдей түседі.

Ал, 1965 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетіне емтихан тапсырады. Білімінің арқасында сынақтан сүрінбей өтіп, жастайынан жанына жақын филология факультетінің студенті атанады. Сырттай бөлімге түскендіктен, жұмысын әрі қарай жалғастырып, енді оқуы мен қызметін қатар алып жүреді. Зейінді зеректігіне қоса еңбексүйгіштігі басым жігітке бұл аса қиындық тудыра қоймады. Жастар арасындағы ұйымдастырушылық еңбегінің табыстылығын көрген басшылық 1966 жылы Ақтоғай аудандық партия комитетіне нұсқаушы ретінде жұмысқа ауыстырады. Осы орында тапжылмастан 6 жылдай қызмет етіп, өмірлік тәжірибесі шындала түсті.

1971 жылы аталмыш білім ордасын жақсы тәмамдап, армандаған мамандығының иесі атанды. Дипломдық жұмысына бүкіл әдебиетшілер қауымын елең еткізген қиын да жабық жатқан тақырыпты алды. Ол – жастайынан жаттап өскен бабасы Нарманбет ақынның әдеби мұрасы еді. 1934 жылы ақынның ұлы Мақсұт пен Тұрғанбек Ахметов жинақтап, Ғылым Академиясына тапсырғанымен, жарыққа шықпаған ақын өлеңдерін, 1939 жылы Е.Ысмайылов алғысөз жазып, «Нарманбеттің өлеңдері» деген атпен кітап етіп бастырған болатын. 1951 жылдар басындағы Сталиннің жеке басына табыну зұлматында осы «зар заман» ақынның дәріптегені айып болып тағылып, сотталып та келді. 1965 жылы «Қазақ әдебиетінің тарихының» II томының 2-кітабында Ысқақ Дүйсенбаев Нарманбет ақынды «зар заман» деп зарлап өткен, байшыл-феодалшыл ақын» деп үкім шығарып, әдебиет тарихынан сызып тастаған-ды.

«Жығылсаң нардан жығыл» дегенді алға ұстап, Аманкелді-студент диплом жұмысына «Нарманбет Орманбетұлы шығармашылығы» деген тақырыпқа ғылыми жетекші болуға келісімін алуға Есағанбет Ысмайыловқа барады. Есаған мән-жайға қаныққан соң, ақын мұрасы зерттеуге лайық екенін құптағанымен, қызыл империяның қуғын-сүргінінен беті қайтып қалғандықтан, ғылыми жетекші болудан бірден бас тартады.

– Қарағым, сенің диплом жұмысыңа жетекші болуға көп адамның жүрегі дауаламас. Басқа тақырып ұсынар. Қайтем Нарманбет ақыннан қорғаймын десең, оған баратын бір ғана абадан қасқыр жігіт бар. Ол – Тұрсынбек Көкішев. Соған бар, мен жіберді дегейсің, – деп жөн сілтейді. Зерделі студенттің ыждаһаттылығы мен ғылыми жетекшінің батылдығының арқасында академияның қолжазбалар қорында шаңға батып жатқан Нарманбет мұрасы алғаш осылайша жарыққа шыққан болатын. Сол ержүректілікпен басталған қадам тәуелсіздіктен соң даңғыл жолға айналып, ағамыз бүгінде еліміздегі бірден-бір нарманбеттанушы ғалым атанып отыр.

Оқуын бітіргеннен кейін де партия комитетіндегі жұмысынтағы біржылдай атқарып, 1972 жылдың қараша айынан бастап, Ө.Бөкейхан атындағы орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметіне кірісті. Білім ұясында талай шәкіртін шыңға бастап, оларды ізгілікке баулып, жақсылыққа тәрбиелеп, өміріне азық болар білім берді. Озат, жаңашыл ұстаз ретінде көптеген республикалық семинарлар мен педагогикалық оқуларға қатысқан. Мысалы, 1991 жылы Жезқазған қаласында өткен педагогикалық оқуда Ш.Айтматов шығармаларына арналған «Баспасөз конференциясы» атты сабағы бірінші орын иеленген. Жеңімпаз ретінде «Қазақ КСР-і оқу ісінің үздігі» атағы беріледі. Жаңашыл

ұстаз ретінде Атырау облысы, Махамбет ауданы, «Алға» орта мектебінің директоры, әдебиетші, КСРО және ҚазССР-ның халық мұғалімі Құсиын Айтқалиевтің авторлық мектебіне мүше болып қабылданған. Сол жылдардан бастап, осы мектептің әр облыста өтетін семинар сабақтарына белсене қатысып, әр аймақтың ұстаздарына әдістемелік көмек көрсетіп, жаңашылдықты насихаттаған. Озат тәжірибені мектеп өміріне енгізу мақсатымен одаққа танылған жаңашыл новатор-педагогтар Амонашвили, Ильин, Шаталов, Бітібаева, Айтқалиевтердің іс-тәжірибесін насихаттау мақсатымен өзі сабақ беретін Ө.Бөкейхан мектебінің ұстаздарына арналған «Қазіргі сабақтың жаңашылдық сипаты» атты екі жылдық курс ұйымдастырып, жетекшілік жасаған. 1990-1991 жылдары Жезқазған қаласындағы мұғалімдердің білімін жетілдіру және қайта даярлау институтында екі жыл қатарынан бір апталық мерзімде «Стандартты емес сабақ түрлері» атты практикалық сабақтар өткізіп, дәрістер циклін жүргізді. Осы жинақталған тәжірибе негізінде, 1996 жылы 5-6-7-сыныптарға арналған «Әдебиеттік» оқу мәтіні бойынша түсіндірме сөздік» атты 3 бөлімді еңбек дайындаған. Облыстың тарап кетуіне байланысты жарық көрмеген еңбек 2014 жылы ықшамдалып, «Атамұра» баспасынан жарыққа шықты. Отыз жылға жуық уақыт ұстаздықпен айналысқан абзал азамат «Ұстаздық ету – жас ұрпақтың жарқын болашағына айту жол көрсету» деп біледі. Кәсіби қызметімен қоса қоғамдық өмірдегі белсенділікті жаны сүйетін ардақты ағамыз ұлт, тіл жанашыры ретінде 1993-1996 жылдары Ақтоғай аудандық Тіл комитетінің басшысы қызметін қоса атқарған. 1996 жылдан бастап құрметті еңбек демалысында.

Жастайынан өлке тарихынан сусындап өскендігінен шығар, кейін есейе келе ел аралап, деректер жинауды тұрақты іске айналдырып, мұрат тұтты. Ол деректер Балқаш-Тоқырауын өңірінің тарихына қатысты еді. Атап айтсақ, ел қорғаған батырлар, орақ тілді, от ауызды би-шешендер, ақын, әнші-күйші өнерпаздар, аруақты бақсылар, зергер ұста, аңшы-бүркітшілер, т.б. ұлттық ерекшеліктеріміздің негізін қаласқан, ұлттық рухымызды көтеруде өз заманында елеулі еңбектерімен ел жадында қалған ата-бабаларымыз болатын. Қазақ елінің бірлігі мен тұтастығын сақтап қалуға үлес қосқан арыстарымыз жайлы зерттеулерін жүйелеп, мерзімді баспасөз беттерінде үнемі жариялап отырды. 1964 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін ел тұрмысы, замана көрінісі, тіршілік әрекеті, ауданның экономикасы мен мәдениетіне, т.б. арналған 200-дей мақаласы жарық көріпті. Осылардан сұрыптап алынғандарын кейбір

Ардақты ұстаз, абзал жан

(Соңы. Басы 5-бетте).

жинақтарға енгізген. Мысалы: «Тобықты Шыңғыстау шежіресі» атты 6 томдықтың 3-6 томдарының «Әйгілі адамдар, елеулі есімдер» деп аталатын бөліміне бұрын еш жерде жарияланбаған 70-ке тарта деректер енгізген. Сондай-ақ, «Қарағанды облысы энциклопедиясы» авторларының санатында.

Әдеби ортада нарманбеттанушы деп саналатын ғалым ағамыз ол кісіге арнап көптеген жинақтар шығарған. Атап айтсақ, 1998 жылы «Нарманбет»; 2004 жылы «Нарманбет Орманбетұлы» («Кер заман»); 2013 жылы «Нарманбет Орманбетұлының шығармалар жинағы», 1-ші және 2 кітап (академиялық жинақ). 3-томы қаржы тапшылығына байланысты жарыққа шықпаған. 2014 жылы екі жинақ Астана қаласындағы (қазіргі Нұр-Сұлтан) Ұлттық кітапхана қорына электронды кітап түрінде қабылданған. Сонымен бірге, Қарағанды мемлекеттік университетінің ғалымдары Т.Аршабеков, М.Қожахметпен бірлесіп дайындаған Ақтоғай ауданының тарихы мен географиясына арналған «Арқаның Ақтоғайы» атты көлемді еңбек 2009 жылы жазылып біткенімен, қаржы тапшылығына байланысты 2018 жылы ғана Қарағанды «Полиграфис» баспасынан шағын данамен жарық көрді. Биыл Нарманбеттің 3-ші томы (академиялық жинақ) баспаға тапсырылды. Бірер ай көлемінде жарық көрмекші. Ағамыз негізінен қарамендебитанушы. Тобықтыдан шыққан Қараменде бабаның өмірі мен қызметі жайлы «Тобықты Қараменде баба» атты Алматы қаласындағы «Информ Арна» баспасынан 2019 жылы 450-беттік көлемді зерттеу кітап жарыққа шыққан. Бұл еңбектің 150-дей бетінде Аманкелді ағаның зерттеу жұмысы жарияланған. Сондай-ақ, түрлі зерттеу еңбектері мен деректі жазбаларының біразы және шығармашылық өмірбаяны жекелеген адамдардың еңбектерінде жарияланды.

Қазіргі кезеңде айтыскер ақын Кенішбай Жұбандықұлының жинағын және «Ақтоғай ауданы ақындарының айтыстары» атты кітапты әзірлеу үстінде. Шығармалары жарияланбай, елеусіз қалып бара жатқан жерлес ақындары Дүйсен Исабеков, Мақсұт Нарманбетұлы, Сәмет Ерменбетұлы еңбектерінің кітаптық нұсқасын дайындап бітірді, Құрмаш Таласбаевтың жинағын жүйелеуді жоспарлауда.

Саналы ғұмырын халыққа қызмет етуге арнап келе жатқан, өмірінің бірде-бір сәтін бос сенделіспен өткізуді суқаны сүймейтін Аманкелді Нөкербайұлының осы жылдар аралығында жеткен жетістіктері бір төбе.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері де жемісті еңбегін үздіксіз атқарып келе жатқан азамат 1991 жылы

«ҚазССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағын алған. Бұған қоса, әр жылдары Ақтоғай ауданы әкімінің, Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хаттары мен Мақтау қағаздарына ие болған. 2010 жылы «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиалы мен облыстық тілдерді дамыту басқармасының Алғыс хатын қоса алды. 2011 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерекелік медалі берілді. 2014 жылы «Қожаберген батыр» атындағы медаль кеудесінде жарқырады. 2015 жылы «Қарағанды Болашақ» университетінің Мақтау қағазын, 2016 жылы «1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығы» мерекелік медалін иеленді.

2017 жылы Қарағанды облысы көлемінде алғаш рет халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайта отырып, ақын Нарманбет Орманбетұлы шығармашылығын терең зерттеп, екі томдық академиялық жинақ шығарғаны және халық ақыны Кенішбай Жұбандықұлының өлеңдерін жинақтап, оның есімін елге таныту мақсатындағы ғылыми еңбегі мен қоғамдық қызметі үшін «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчестволық бірлестігінің «Шоқан Уәлиханов» медалімен марапатталды. Осы жылы Ө.Найманбайұлының 150 жылдығына арналған мерейтойлық медаль да бұйырды.

2018 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Құрмет грамотасын» алып, «Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы» атанды. 2019 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Б.Алтынсарин атындағы медалі мерейін шалқыта түсті.

Кәсіби және қоғамдық қызметінде аса белсенді қызмет атқарушы азаматтың отбасылық өмірде де бағы жанған. 1964 жылы мектепте бірге оқыған Күләш Сағындыққызымен бас құрап, 6 баланы өсіріп, жетілдірген. Бәрі жоғары білімді, үйлі-баранды болып, немере сүйдіріп, қуантып отырған жайы бар.

Ұстаздық мамандықтың қызығы мен қиындығы мол сара жолында саналы ұрпаққа адамдық дәнін сеуіп, болашаққа бағдар беру үшін де талмай ізденіп, жаңалықтың жаршысы бола білген, ұлт ардақтыларының еңбектерін жарыққа шығарудағы ерен еңбегі үшін атпал азаматқа алғыс білдіре отырып, зерттеушілік жоспарларының жүзеге асуына тілектеспіз.

Жандос СМАҒҰЛ,
филология ғылымдарының докторы, профессор.
Азат БАБАШОВ,
филология ғылымдарының докторы, доцент.

COVID-19

Тұмау – жыл сайын бүкіл әлемде жаппай өршуге, тіпті эпидемияға әкеп соқтыратын ең көп таралған жұқпалы аурулардың бірі. Тұмау әрдайым жіті басталады, науқас симптомдардың басталу уақытын дәл көрсете алады.

Бірінші кезекте дене қызуы 38°C, орташа ауырлықтағы 39-40°C, ауыр ағымда дене қызуы 40°C-тан жоғары болуы мүмкін. Қалтырау, бас ауруы, көз алмасының қозғалысы кезінде, бұлшық еттердің ауыруы, әлсіздік, тәбеттің нашарлауы, тамақтың ауыруы, жөтел, дауыстың қарлығы, көзден жас ағу байқалады.

Тұмаудың асқынуы
Тұмау әртүрлі асқынуларымен қауіпті. Асқыну жағдайлары медициналық көмекке кеш жүгінгенде және дер кезінде емделмеген жағдайда орын алады. Тұмау асқынулары:

- бронхит (бронхтардың қабынуы);
 - пневмония (өкпенің қабынуы);
 - гайморит, фронтит (синустардың қабынуы);
 - балалар арасында жіті құлақ ауруы (отит);
 - вирусты энцефалит (ми қабығының қабынуы).
- Септикалық жағдайда бактериялар қанға түсіп, одан ары көбеюмен

Тұмауға қарсы вакцинация алудың маңызы



сипатталады. Өте ауыр жағдайда өліммен аяқталады. Сонымен қатар, ағзада ауыр қосымша аурулар: созылмалы өкпе, жүрек-қан тамыры аурулары, бронхальды астма, қант диабеті, созылмалы бүйрек, бауыр жетіспеушілігі және т.б. болған жағдайда өлімге әкелуі мүмкін.

Тұмаудың алдын алуда бірінші кезекте мұрынның, көздің немесе ауыздың шырышты қабақтарына вирустардың түсуіне жол бермеу маңызды. Бұл үшін ауырған адамдармен қатынасты шектеу қажет. Вирустар қалуы мүмкін заттармен байланысқаннан кейін қолды жуу маңызды. Сондай-ақ, лас қолмен мұрынды, көзді, ауызды ұстауға болмайды.

Тұмаудың алдын алудың мынадай негізгі ережелерін естен шығармаған жөн: Тұмаудың арнайы алдын алу эпидемиялық маусымның алдында (қазан айы) жүргізілетін вакцинациялау болып табылады.

Тұмауға қарсы вакцинаны кімдер жоспарлы түрде алады?

- Медицина қызметкерлері;
- медициналық ұйымдарда диспансерлік есепте тұрған балалар;
- жасы 6 айдан асқан әрі жиі ауыратын балалар;
- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының, балалар үйлерінің тәрбиеленушілері;
- қарттар мен мүгедектер үйін мекендеушілер;
- жүктіліктің екінші не үшінші триместріндегі әйелдер;
- жүрек-қан тамыры жүйесі мен тыныс алу органдарының созылмалы аурулары бар адамдар.

Тұмауға қарсы вакцинациялаудан басқа, тұмаудың және басқа да тұмауға ұқсас аурулардың алдын алудың арнайы емес әдістері де бар.

- Олар:**
- Адам көп жиналатын орындарда және қоғамдық көлікте болу уақытын мүмкіндігінше қысқарту;
 - жабық үй-жайларда және адамдар көп жиналған орындарда бір рет қолданылатын бетперделерді пайдалану;
 - ауру белгілері, мысалы түшкіру немесе жөтелу белгілері бар адамдармен байланысты мүмкіндігінше шектеу;
 - даладан және қоғамдық көліктен келгеннен кейін қолды мұқият жуу және мұрын қуысын тұзды сумен шаю;
 - өзіңіз отырған үй-жайды жүйелі түрде желдету;
 - үй-жайға жүйелі түрде ылғалды жинау жүргізіп, ауасын ылғалдандыру;
 - құрамында С витамині бар өнімдерді (мүкжидек (клюква), итбүлдірген, шиповник, қарақат, лимон және т.б.) тамаққа көбірек пайдалану;
 - сарымсақ және пияз қосылған тамақты көбірек пайдалану;
 - дәрігердің ұсынымы бойынша иммунитет көтеретін препараттарды пайдалану.

Салауатты өмір салтын ұстаныңыз, жақсы тамақтаныңыз және жүйелі түрде денешынықтырумен айналысыңыз.

Д.Битанова,
«Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы» КМК
салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті көршіміз **Қапасова Мәнұра!**



Сізді 90 жасқа келген мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге өмірдің асыл нұрын, шабытты шаттығы мен жырын, таусылмайтын қызығын, арайлы думанын тілейміз.

Алланың берген жасын жасап, жанұяңызда бақытты, ортамызда осындай сыйлы болып, әрбір күніңіз мерейлі де мерекелі сәттерге тола берсін дейміз.

Бүгінде сіз көңілі кең, жүрегі мейірімді, кеудесі қазына, сөзі қасиетті әже болып, үлкен сыйқұрметке бөленген жансыз. Алдағы уақытта да осылай ұрпақтарыңыздың қызығына кенеліп жүреберіңіз. Жасыңыз ұзақ болсын, ауырмаңыз!

Жалын атып жүректегі отыңыз,

Қуаныштан қуанышқа жетіңіз.

Шөберенің ортасында жүз жасап,

Жамбыл шалды артқа тастап кетіңіз.

Ақ тілекпен: Мүсіркеп, Жетпіс, Абзал, Рахман, Зауреш, Бағдат, Сәкен, Серік, Ержан, Ардақ, Марлен, Даша, Жока, Бота, Нұриманның отбастары.



Құттықтаймыз!

Жетім шоқы ауылының тұрғыны, аяулы да ардақты анамыз **Айнабекова Злиха Бегдербекқызы** өмірдегі айтулы белес – мерейлі 70 жасқа толып отыр. Шаңырағымыздың шаттығы, отбасымыздың тірегі, қымбатты ана! Келіп жеткен



70 жасыңыз құтты болсын! Сізге қажымас қайрат, мықты денсаулық, таусылмас бақыт, сарқылмас шаттық тілейміз. Алдағы өміріңіз тек қуаныш пен шаттыққа толы болсын! Балаларыңыз маңдай теріңіз бен үкілі үмітіңізді ақтап, қосағыңызбен қоса ағарыңыз. Жаққан шырағыңыз сөнбей, несібеңіз ортаймай, көңіліңіз қартаймай, бәйтеректей тамырыңыз тереңге жайыла берсін. Ақ адал пейіліңізге сай Жаратқан Ием берерін тауыспасын!

Тәңір берген несібеңіз тарқамай,

70 жасың келсін бақыт арқалай.

Ана, мәңгі жасай берші, ауырма,

Бақыт сыйлар алдымызда таң талай!

Ізгі тілекпен: әкеміз – Арслан, балалары және немере-шөберелері, келіндері, қайынінісі – Қайролла.



Құттықтаймыз!



Құрметті бауырымыз Жасұлан, келініміз Мөддір!

Сендерді орда бұзар 30 жастарыңмен шын жүректен құттықтаймыз!

Сендерге мықты денсаулық, адал дос, шексіз бақыт, өлшемсіз табыс, баянды махаббат, арайлап атқан таңдарың шуақты болсын деп тілейміз. Еңбекте абыройлы болып, жұптарың жазылмай, балалардың тек қызық-қуанышын көріңдер. Өмірлерің күндей, көңілдерің гүлдей, асқар таудай армандарың орындала берсін. Аналарың орталарыңда немере қызығына тоймай, бақытқа бөленіп, ұзақ ғұмыр жасасын. Өмір жолдарың шаттық пен бақытқа толы болсын!

Ізгі тілекпен: апа-жезделерің – Самат-Жангүл, Аманжол-Саягүл, Зәмзәгүл, аға-жеңгелерің – Нариман, Еркебұлан-Әсем, Руслан-Саламат.

Біле жүріңіз!

Сабантой

Сабантой – жыл сайын тойланатын түркі тілдес халықтардың мейрамы. Жалпы, сабантойды әлемде қырықтан астам ел тойлайды. Бұл мейрам көне болып есептеледі.

Тарихқа сүйенетін болсақ, сабантойды орта ғасырлардан бастап тойлаған. Сабантойды көктемгі ауылшаруашылық жұмыстары біткенде, егін егілгенде, немесе күзде егінді жинап біткенде тойлайды. Қазіргі таңда бұл мейрамның тұрақты тойланатын күні жоқ. Жыл сайын осы мейрамның күні ауыса береді. Көбінесе бұл мереке, мамыр немесе маусым айларында тойланады. Осы мерекенің біз тойлайтын Наурыз мейрамымен ұқсастығы бар. Наурыз мейрамы сияқты бүкіл халық арнайы осы мейрамға дайындалған алаңға жиналады. Жиналып болғаннан кейін арнайы концерттік бағдарлама болады. Концерттік бағдарламаға кәсіби әншілерді, әртістерді, бишілерді шақырады. Оларды шақыру үшін салтанатты жиындарды өткізетін ұйымдармен хабарласып, оларға тапсырыс береді. Көбінесе адамдар сахнаға шығып ән айтады, би билейді. Мейрам күні барлығы алаңға ұлттық киімдерін киіп келеді. Кейін әртүрлі спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылады. Алаңға арнайы кілемдер алып келеді. Кілемнің үстіне адамдар шығып



күреседі. Сабантойда көбінесе күрестен жарыстар өткізіледі. Себебі, бұл спорт түркі тілдес халықтардың ұлттық спорт түрі болып есептеледі. Жарысқа тек қана кәсіпқой спортшылар ғана емес, әуесқой спортшылар да және қарапайым адамдар да қатыса алады. Халық осы жарысты тамашалап, балуандарға қолдау көрсетеді. Кейін жарыстың жеңімпаздарына және жүлдегерлерге арнайы сыйлық береді. Сыйлық ақшалай берілуі, немесе көлік, кілем және де тағы да басқа зат түрінде берілуі мүмкін. Кейбірде сыйлық ретінде төрт түлік малды да сыйлай береді. Сабантойда жүгіруден, арқан тартудан, ән айтудан, тақпақ айтудан,

темір көтеруден, қол күрестен де жарыстар өте береді. Ұлттық ойындар ойналады. Жиналған халық қалаған жарысқа қатыса алады.

Адамдар ұлттық тағам пісіруден де жарысады. Алаңға жиналған адамдарға ұлттық тағамдар тарқатылады. Қазіргі таңда сабантой татар елінде мемлекеттік мейрам болып есептеледі. Башқұрт елінде де сабантой

тойланады. Себебі, сабантой бүкіл түркі тілдес халықтары үшін ортақ мейрам. Ауылды жерлер тойлап болғаннан кейін, бас сабантой Татарстанның астанасы болған Қазан қаласында тойланады. Бұл сабантой адам жағынан ең үлкен сабантой болады.

Қазақстанда да жыл сайын сабантой тойланады. Осы мейрам Нұр-Сұлтан, Алматы, Петропавл қалаларында жыл сайын өткізіледі. Сабантойды тойлауға түркі тілдес халықтары ғана емес, басқа да ұлт өкілдері келе алады. Себебі, қуаныш барлық ұлттарға ортақ болуы керек.

(Материал ғаламтордан алынды).

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 950 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

